Түркістан облысы

Шардара ауданы

«Шардара» мектеп-лицейі

«Бекітемін»

«Шардара» мектеп-лицей директоры:

Л.Ө.Құлмаханбет

«Мамандық таңдауда қателесуге бола ма?»

Педагог-психолог: Ф.Жумабаева

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Сәлеметсіздерме! Құрметті әріптестер және оқушылар біздің бүгінгі -

«Мамандық таңдауда қателесуге бола ма?» атты тренинг сабағымызға қош келіпсіздер!!!

Мақсаты: 1. Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру. Оқушының кәсіби бағдарының табандылығын анықтау, психологиялық дайындығы мен қиындықтан шығу шеберлігін шыңдау.

Ісім оңсын десеңіз,

Сол істің маманы болыңыз

Даңқым шықсын десеңіз,

Көпшіліктің адамы болыңыз

Әл- Фараби

Мамандық таңдау жасөспірім шақтағы ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан кезде алдарыңыздан мыңдаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін таңдау міндеті тұрады. Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез- келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың жолы ғана емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе.

Кейбір жастар мамандық таңдау ережесін білмегендіктен өзі қызықпайтын мамандықты таңдайды.

(Қазір қарап отырсаңыздар аға, әпкелеріміздің қос-қос дипломды арқалап, өз саласы бойынша жұмыс жасамай жүргендеріне куә болып жатамыз. Оның сыры неде деп ойлайсыздар? Сол кезде ол кісі сол мамандық таңдауда ешқандай бағыт-бағдар алмаған жәнеде оның сол мамандыққа бейімділігі жоқ) **Көрдіңіздер ме?**

Осыдан өз мамандығына қанағаттанбаушылық, реніш сезімдері болып, тіпті алдарына жоспар да құрғысы келмейді. Әрбір адам өзін- өзі дамыта алу үшін білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтану керек.

Тренинг: «Кім көбірек мамандықты атайды?» жаттығуы

Барлық қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Олар бір-біріне доп лақтыру арқылы мамандық түрлерін айтады. Кім де кім көп мамандық атаса сол жеңіске жетеді.

Ескерту: Бір ойыншыға қатарынан доп лақтыруға болмайды. Және қолда допты үш секундтан артық ұстамау керек.

Сұрақ: «Қиналған себептеріңіз не?», Мамандық түрлерін атауда қиналдыңыздар ма?

Scanned with CamScanner

Жүргізуші: Ғалымдардың зерттеулері бойынша мамандықтар ортақ белгілеріне қарай 4 деңгейге тоқталған.

1. *Басқарушылар;*
2. *Сақтаушы- қорғаушылар;*
3. *Қаржыгерлер- дәрігерлер;*
4. *Қажырлы еңбек иелері.*

Тренинг: *Қол- мидың жалғасы.*

Сан алуан мамандық бар. Ал, біздің табиғи бейімділігімізге үңілейік:

Алақан бойынша мамандық саласын анықтау. Саусақтарымызды кеңірек ашып, ақ параққа алақанымызды түсірейік. Бас бармақпен шынашақтың ортасын О нүктесімен белгілеп, әрбір саусаққа түзу сызық жүргіземіз. О нүктесін білезіктің оң жақ, сол жақтарын да қамтимыз. Осы жүргізілген сызба бөліктерін сызғышпен өлшеп шығарыңыз.

Қорытынды:

1. Егер сіздің алақан сызығыңызда бас бармақ пен *О* нүктесі арасында сызба бөлігі ұзын болса, сіз- басқарушысыз.
2. *О* нүктесі мен сұқ саусақ нүктесінің арасындағы сызық басқаларынан ұзын болса, сіздің- қорғаушы әскери қабілетіңіз мол.
3. Ортан қол сызығы ұзынырақ болса, сіз- дін адамы, саясаткер болуға бейімсіз.
4. Аты жоқ саусақ сызығы үлкенірек болса, сіз өнерге бейіміңіз мол, суретші, музыкант, архитектор, дизайнер болуға қабілеттісіз.
5. Шынашақ сызығы үлкенірек болса, сіз- дәрігерлік шипагерлікке бейімсіз.

Жүргізуші:

Басым көкке жетсін десең армандап,

Әр жұмысты бөліп істе, қарма оңдап

Барлық істі сарапқа сап істегін,

Қисаппенен қазынаңды үстегін

Кісі танымақ болсаң ісіне қара

Өз күшің жеткенше, өзің үшін аянба.

Ж. Баласағұн айтқандай осында отырған өз ісінің мамандары, қажырлы еңбек иелері деп айтсақта болады. Оқушылар мамандық жайында Өздеріңізді ойландырып жүрген сұрақтарыңыз болса қойсаңыздар болады.

Scanned with CamScanner

1. **Сіз өз мамаңдығыңызды қашан және қалай таңдадыңыз ?**
2. **Осы мамадығыңызды таңдауда неге сүйендіңіз?**
3. **Жақсы маман болу үшін адам нені білуі және үйренуі қажет?**
4. **Адам өзін белгілі бір мамандыққа қашан, қалай дайындауы керек деп ойлайсыз?**
5. **Адам бірнеше мамандықты меңгерсе, оның өмірі қандай болады деп ойлайсыз?**
6. **Қай уақытта адам өз еңбегінің жемісін көре алады.?**
7. **Бүгінгі таңда қандай мамандықтар сұранысқа ие?**

Өте керемет балалар өздеріңізге керекті мәліметті Сұрақтарыңызға жауап ала алдыңыздар деп ойлаймын. Олай болса -

Ситуациялық сұрақ. (Оқушылар өз пікірін ортаға салады.)

Сен хирургсың

Шарты: Ауруханада 5 емделуші бар. Олар:

1. Жаңадан туылған нәресте
2. Бес айлық қыз бала
3. Алты жасар дарынды бала
4. Көп балалы ана (10 баласы бар, 70- тегі ана)
5. Ұстаз

Жүрек біреу. Осылардың қайсысына операция жасар едің.

Біреуін ғана таңдауың қажет.

Әрі қарай ортаға өз еркімен бір оқушы (кейіпкер) шығады. (таңдаған мамандығына жетуге өзінің рухани дайындығын анықтайды).

Қай мамандық таңдасаңыз да әр жұмыстың қиындығымен қызығы қатар жүреді.

Қорытынды:

- Сізге тренингте не ұнады?
- Не ұнаған жоқ?

Тренинг-сабақ керек пе, ол мамандық таңдауда көмектесе ме?

Олай болса, Сіздерге психологиялық кеңес:

Scanned with CamScanner

«Еңбек атаулының бәрі де бағалы, өйткені ол адамды ізгілендіреді»

Л.Н. Толстой

- Адам өзінің болашақ кәсібіне әртүрлі жолдармен келеді. Бірулер үшін- ол ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, келесі біреулер үшін- әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң мамандықты таңдайды екен.
- адам ең алдымен өзін өз бейімділігін тануы қажет. Өз- өзіне «Мен кіммін?», «Осы өмірдегі менің орным қандай?», «Қалай өмір сүремін?» деген сұрақ қоймайтын адам кем де кем.

Мынау көп салалы өмірде мамандықтың түрі көп. Әрине таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы- адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетеді. Адам еңбегінен қуанышын таба білсе, бойына жаңа күш қосылып, еңбекке деген шабыты арта түседі. Зор ықылас, шабытпен істеген іс- табыс биігіне жеткізетін қанат деп тренинг сабақты аяқтаймыз.

Ертеңгі біздің болашағымыз өздеріңіз Мектепті бітіріп, өздеріңіз қалаған бір-бір маман иесі болуларыңа біз ниетпен тілектеспіз.

Scanned with CamScanner